Есеп бөлімінe жұмыс үшін
26.04.24

АТЫРАУ ОБЛЫСЫНЫҢ МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН АУДАНАРАЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ СОТЫ

СПЕЦИАЛИЗИРОВАННЫЙ МЕЖРАЙОННЫЙ ЭКОНОМИЧЕСКИЙ СУД АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ

060000, Қазақстан Республикасы, Атырау облысы, Атырау қаласы, Сәтпаев даңғылы, 3, тел: +7 (7122) 21-57-97; факс: +7 (7122) 21-57-97 ; email: 060202@sud.kz

060000, Республика Казахстан, Атырауская область, город Атырау, улица Сатпаева, 3А, тел: +7 (7122) 21-57-97; факс: +7 (7122) 21-57-97 ; email: 060202@sud.kz

06.03.2024 № 2301-24-5-21/3595

«Атырау облысы Дене шынықтыру және спорт басқармасының «Жоғары спорт шеберлігі мектебі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнына

Атырау қаласы,М.Әуезов көшесі, 28а

308232

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты Сізге, талап қоюшы «Атырау облысы Дене шынықтыру және спорт басқармасының «Жоғары спорт шеберлігі мектебі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының жауапкер жеке кәсіпкер Балғын Ержанқызы Долдаеваны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану, 270080теңге тұрақсыздық айыбын өндіру туралы 2024 жылғы 01 ақпаны шыққан шешім көшірмесін орындауға жолдайды.

Қосымша: Шешім көшірмесі көшірмесі-1 дана.,атқару парағы 1 дана.

Аудандық және оған теңестірілген соттың төрағасы **А.Саудабаев**

Орынд.: Нигметова А. А.
тел.: 8-7122-20-51-38, 712-2470@sud.kz

Құжатты жасаған: НИГМЕТОВА А. А., 8-7122-20-51-38, 712-2470@sud.kz
Құжатқа қол қойылған: САУДАБАЕВ А. Б., 06.03.2024 15:06

ҚР Жоғарғы соты, Төрелік АЖ. ЭСҚ тексеру нәтижесі он

2301-24-5-21/3595 06.03.2024

АТЫРАУ ОБЛЫСЫ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ЖӘНЕ СПОРТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ «ЖОҒАРЫ СПОРТ ШЕБЕРЛІГІ МЕКТЕБІ» КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ
Кіріс № 44
«26» 04 2024 ж.

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты

Специализированный межрайонный экономический суд Атырауской области

АТҚАРУ ПАРАҒЫ

№ 2301-23-00-2/3179-1

Атырау облысы, Атырау қаласы, Сәтпаев даңғылы, 3

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты 01.02.2024 ж. талап қоюшы

"Атырау облысы Дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасының "Жоғары спорт шеберлігі мектебі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

(талапкерлердің Т.А.Ә)

Жк Долдаева Балғын Ержанқызы

(жауапкерлердің Т.А.Ә.)

соманы өндіріп алу туралы

(орындалу нысанасы)

талап арызы бойынша азаматтық ісін қарап,

Шешім етті/Ұйғарым етті: Жеке кәсіпкер Балғын Ержанқызы Долдаевадан «Атырау облысы Дене шынықтыру және спорт басқармасының «Жоғары спорт шеберлігі мектебі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының пайдасына 8 102 (сегіз мың бір жүз екі) теңге тұрақсыздық айыбы, 243 (екі жүз қырық үш) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімінің заңды күшіне енуі күні - 04.03.2024 жылы.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 76-бабының 3-ші бөлігіне, Қазақстан Республикасы Азаматтық іс жүргізу кодексінің 21-бабының екінші бөлігіне сәйкес заңды күшіне енген сот шешімдері, ұйғарымдары, қаулыларымен бұйрықтары, сондай-ақ соттар мен судьялардың заңды өкімдері, талаптары, тапсырмалары, шақырулары мен басқа да жолданыстары барлық мемлекеттік органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, қоғамдық бірлестіктер, басқа да заңды тұлғалар, лауазымды адамдар мен азаматтар үшін бірдей міндетті және Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында мүлтіксіз орындалуға тиіс. Қазақстан Республикасы Азаматтық іс жүргізу кодексінің 241-бабының бірінші бөлігіне сәйкес шешім, дереу орындалатын жағдайлардан басқа, ол заңды күшіне енгеннен кейін, заңмен белгіленген тәртіп бойынша орындалады. Дереу орындауға жататын сот шешімдері Қазақстан Республикасы Азаматтық іс жүргізу кодексінің 243-бабында көрсетілген.

«Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 128-бабына сәйкес сот орындаушысының заңды

Осы құжат "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы № 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес.
Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.

*штрих-код "Төрелік" ақпараттық жүйесінен алынған және соттың сот хатшысының электрондық цифрлық қолтаңбасымен қол қойылған деректерді қамтиды.
*штрих-код содержит данные, полученные из информационной системы "Төрелік" и подписанные электронно-цифровой подписью секретаря судебного заседания и судьи.

талаптары барлық мемлекеттік органдар, жергілікті өзін өзі басқару органдары, азаматтар мен ұйымдар үшін міндетті және Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында мүлтіксіз орындалуға тиіс.

Осы атқару парағының негізінде **Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты жылы** осыған қатысты барлық лауазымды адамдар мен азаматтарды, сот ШЕШІМІН уақытылы және дәл орындауды міндеттейді.

Барлық мемлекеттік және лауазымды адамдар сот шешімін орындау кезінде сот орындаушысына көмек көрсетуге міндетті.

Атқару парағы аса маңызды құжаттар есебінде сақталуға жатады: тапсырыс хатпен жолданады, жауапкердің қолына берілмейді, жауапкер жұмыс орнынан босатылған жағдайда атқару парағын кәсіпорынның әкімшілігі сот орындаушысына кері қайтарады немесе оның жазбаша сұранысы бойынша беріледі.

Өндірушінің толық атауы және мекенжайы:

Өндірушінің Т.А.Ә., оның тұрғылықты немесе орналасқан жері (мекенжайы), оның тұрғылықты жері бойынша тіркелуі және салық төлеушінің нөмері (егер өндіруші заңды тұлға болса, оның атауы, нақты орналасқан жері немесе бірыңғай мемлекеттік регистрінен мәлімет, банк реквизиттері және салық төлеушінің тіркеу нөмері)

Компаниянын атауы: "Атырау облысы Дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасының "Жоғары спорт шеберлігі мектебі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

БСН: 141240013435

Тіркеу мерзімі:15.12.2014

Меншік нысаны: Мемлекеттік меншік

Банк реквизиттері: "Қазақстан Халық банкі" АҚ , ИИК KZ166010141000214076

Нақты менкенжайы: ҚАЗАҚСТАН, АТЫРАУ, АТЫРАУ, -, Г.Атырау№ Ауезова 28 А -

Заңды менкенжайы: ҚАЗАҚСТАН, АТЫРАУ, АТЫРАУ, -, Г.Атырау№ Ауезова 28 А -

Жауапкердің толық атауы және мекенжайы

Жауапкердің Т.А.Ә., оның тұрғылықты немесе орналасқан жері (мекенжайы), оның тұрғылықты жері бойынша тіркелуі және салық төлеушінің нөмері (егер жауапкер заңды тұлға болса, оның атауы, нақты орналасқан жері немесе бірыңғай мемлекеттік регистрінен мәлімет, банк реквизиттері және салық төлеушінің тіркеу нөмері)

Т.А.Ә.: Жк Долдаева Балғын Ержанқызы

Туған жылы: 05.01.2003

ЖСН: 030105650715

Туған жері: КАЗАХСТАН, В-КАЗАХСТАНСКАЯ, УРДЖАРСКИЙ РАЙОН

Құжаттың нөмірі 045362204

Берілген күні 18.01.2019 жылы ҚР ІШҚІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ

Заңды мекенжайы: ҚАЗАҚСТАН, ПАВЛОДАР, ЕКІБАСТҰЗ, -, БУЛЬВАР Академика Марденова 18, кв.10

Нақты менкенжайы: ҚАЗАҚСТАН, ПАВЛОДАР, ЕКІБАСТҰЗ, -, БУЛЬВАР Академика Марденова 18, кв.10

Осы құжат "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы № 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес.
Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.

*штрих-код "Төрелік" ақпараттық жүйесінен алынған және соттың сот хатшысының электрондық цифрлық қолтаңбасымен қол қойылған деректерді камтиды.
*штрих-код содержит данные, полученные из информационной системы "Төрелік" и подписанные электронно-цифровой подписью секретаря судебного заседания и судьи.

Аудандық және оған теңестірілген соттың төрағасы — Саудабаев Асхат Бахитбекович

Аудандық және оларға теңестірілген сот Әкімшісінің сот отырысының бас маманы хатшысы — Нигметова Айгуль Атауоллаевна

Шығарылу күні 06.03.2024 жыл

Құжат "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы № 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес.
Документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.

Код "Төрелік" ақпараттық жүйесінен алынған және соттың сот хатшысының электрондық цифрлық қолтаңбасымен қол қойылған деректерді қамтиды.
Код содержит данные, полученные из информационной системы "Төрелік" и подписанные электронно-цифровой подписью секретаря судебного заседания и судьи.

КӨШІРМЕ
КОПИЯ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 01 ақпан №2301-23-00-2/3179 Атырау қаласы

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында төрағалық етуші судья А.Б.Саудабаев,
сот отырысының хатшысы А.Нигметова болып, ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Атырау облысы Дене шынықтыру және спорт басқармасының «Жоғары спорт шеберлігі мектебі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер Балғын Ержанқызы Долдаева

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2. 8 102 теңге тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшы өкілі З.Ғабдол

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

Сотта анықталғандай, 2023 жылғы 20 қыркүйекте тараптар тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы №112 келісім-шартқа (келесіде – шарт) қол қойған.

Шарт бойынша жауапкер талап қоюшыға дауыс зорайтқыш жеткізу қызметін шартқа қол қойған күннен бастап 20 күнтізбелік күн ішінде орындауға міндеттенген. Шарт бойынша міндеттемені орындау мерзімі 2023 жылғы 10 қазанға дейін.

Талап қоюшы сотта жеке кәсіпкер Балғын Ержанқызы Долдаеваға талап қойып, оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды, тұрақсыздық айыбын өндіруді сұраған. Талап қою талабының негізі ретінде жауапкердің тараптар арасында жасалған мемлекеттік сатып алу туралы келісім-шарты (келесіде – шарт) бойынша өз міндеттемелерін тиісті мерзімінде орындамағандығын көрсеткен.

Сот отырысында талап қоюшы өкілі З.Ғабдол талап қоюды қолдап, жауапкер қызмет көрсетпегенін, жағымсыз салдарының бар екенін көрсетті.

Сот отырысының орны мен уақыты туралы тиісті түрде хабарланған жауапкер сотқа келген жоқ, келмеуі себептерінің маңыздылығы жөнінде сотқа мәлімет берген жоқ және істі өзінің қатысуынсыз қарауды немесе сот отырысын кейінге қалдыруды өтінген жоқ. Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодекстің (келесіде – АПК) 196-бабын басшылыққа алып, сот істі жауапкердің қатысуынсыз қарады.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

1.Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (келесіде – АК) 272, 277-баптарына сәйкес міндеттеме – міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше және мерзімінде орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының (келесіде – Заң) 12-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сай, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Жауапкердің шарт бойынша міндеттемелерін мерзімінде орындамауы талап қоюшының сотқа талаппен жүгінуіне негіз болды.

Талап қоюшының уәждеріне сәйкес жауапкер шарт бойынша алған міндеттемелерін орындаған жоқ, шарт жасалған күннен бастап тиісті қызмет жетізген жоқ.

Заңның 12-бабының 4-тармағына сай, осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көрсетілген жағдайларда, тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінуге міндетті.

Талап қоюшы аталған міндетін орындап, сотқа жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талаппен алғашқы рет 2023 жылғы 09 қарашада жүгінген.

Көрсетілгендердің негізінде, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы сотта талап қоюы негізді және қанағаттандырылуға жатады.

2.Заңның 43-бабының 24-тармағына сәйкес, өнім беруші мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша қабылдаған міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда, тапсырыс беруші тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) өндіріп алуды қамтамасыз етеді.

Тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) тиісті бюджет, мемлекеттік кәсіпорын, дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу

Құжатқа қол қойылған: Саудабаев А. Б., 02.02.2024

үлестерінің) елу және одан да көп пайызы мемлекетке тиесілі заңды тұлға немесе олармен үлестес заңды тұлғалар кірісінің есебіне жатқызылады.

Шарттың 7.3.-тармағында көзделгендей, өнім беруші тауарды жеткізуден бас тартқан немесе шарт бойынша тауар жеткізу мерзімі өткен күннен бастап әр күн үшін шарттың жалпы сомасынан 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын өндіруге құқығы бар.

Талап қоюшының сотқа ұсынған есебіне сәйкес тұрақсыздық айыбы 30 күнге есептелді, жалпы сомасы 8 102 теңге құрайды.

Есепті тексеріп, сот оның дұрыс жасалғандығын анықтады.

АПК-тің 72-бабының 1-бөлігіне сай, әр тарап өзінің талаптарының және қарсылықтарының негізі ретінде сілтеме жасайтын мән-жайларды дәлелдеуге, қорғаныс құралдарын пайдалануға, фактілерді растауға, оларға дау айтуға, процесті адал жүргізуге сәйкес келетін және іс жүргізуге жәрдемдесуге бағытталған дәлелдемелер және дәлелдемелерге қарсы қарсылықтарды судья белгілеген мерзімде келтіруге тиіс.

Көрсетілгендердің негізінде, талап қоюшының сотта жауапкерге қойған талаптары толық қанағаттандырылуға жатады. Жауапкер мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылып, одан талап қоюшы пайдасына 8 102 теңге тұрақсыздық айыбын өндіру қажет.

АПК-тің 109-бабының сәйкес жауапкерден талап қоюшы пайдасына 243 теңге мемлекеттік баж, АПК-тің 117-бабына сәйкес мемлекет кірісіне 1 725 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-тің 196, 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Атырау облысы Дене шынықтыру және спорт басқармасының «Жоғары спорт шеберлігі мектебі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының жеке кәсіпкер Балғын Ержанқызы Долдаеваны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану, 8 102 теңге тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талабы қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер Балғын Ержанқызы Долдаева мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер Балғын Ержанқызы Долдаевадан «Атырау облысы Дене шынықтыру және спорт басқармасының «Жоғары спорт шеберлігі мектебі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының пайдасына 8 102 (сегіз мың бір жүз екі) теңге тұрақсыздық айыбы, 243 (екі жүз қырық үш) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жеке кәсіпкер Балғын Ержанқызы Долдаевадан мемлекет кірісіне 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты Атырау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья А.Б.Саудабаев

Көшірмесі дұрыс:
Судья А.Б.Саудабаев
Анықтама: шешім түпкілікті нысанда 2024 жылғы 02 ақпанда шығарылды.

Судья А.Б.Саудабаев
Анықтама:
Шешім заңды күшіне 2024 жылғы « 04 » наурызы енді.

Судья А.Б.Саудабаев

« » бетте тігілді.
« » парақта нөмірленді.
Судья Саудабаев А.Б.

Құжатқа қол қойылған: Саудабаев А.Б., 02.02.2024

3301-23-3-1/3760